20917349749

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 1 наурыз №4360-24-00-2/440 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
хатшылықта Л.Ж.Алтынбаева болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Амир Акылбекович Ахметов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі И.С.Калжанова
жауапкер А.А.Ахметов
аудармашы М.А.Тоғызбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылдың 6 қазанында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №575Т/ЗЦП тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 295 400 теңгеге 1 400 дана «Ұштық» тауарын жазбаша өтінім негізінде 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Тапсырыс жауапкердің элеткрондық поштасына 2023 жылдың 16 қазанында жолданып, жеткізу мерзімі 30 қазан болып белгіленген.

Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне сәйкес жауапкер тек 1 350 дана «Ұштық» тауарын 2023 жылғы 27 желтоқсанында жеткізген.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа пікір ұсынбаған.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 11.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.04.2024, судья Елшібеков Б. Е., 15.04.2024

Талап қоюшының өкілі И.С.Калжанова талапты толығымен қуаттап, өзінің жауабында талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер міндеттемелерін уақытында орындамағандығын, кешіктіріліп жеткізілген тауар толық болмағандығын, бүгінгі күні Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғандығын атап, соттан талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер А.А.Ахметов талаппен келіспей, тауарды уақытында және толық көлемінде жеткізуге мүмкіншілігі болмағандығын атап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 5.4-тармағына сәйкес, Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні депөнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісінжіберген күні есептеледі.

Сотта отырысында анықталғандай жауапкер белгіленген мерзімде тауарды толық жеткізбей, өзінің шарттық міндеттемесін тиісінше орындамаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 22 қарашада жүгінген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 11.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.04.2024, судья Елшібеков Б. Е., 15.04.2024

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер Амир Акылбекович Ахметов жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Амир Акылбекович Ахметов жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Амир Акылбекович Ахметов жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 11.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.04.2024, судья Елшібеков Б. Е., 15.04.2024

4360-24-3-6/32